

ӨНІМ НҰСҚАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-4558CB02

ZiFix™ құрсақ/кеуде қозғалысын
басқару жүйесі





EC	REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta	 АҚШ-та жасаған өндіруші: Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 484-720-6053 www.Qfix.com
----	-----	---	---

ZiFix – Qfix компаниясының сауда белгісі.

Cidex – Johnson & Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	4
ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӨЛСІРЕУІ	4
МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	5
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	7
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	8
ФУНКЦИЯЛАР	9
ZIFIX ҚҰРСАҚ/КЕУДЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	9
МАНОМЕТРІ АЛЫНҒАН ZIFIX ҚҰРСАҚ/КЕУДЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	9
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	10
БАПТАУ	10
ЕМДЕЛУШІГЕ ОРНАЛАСТЫРУ	11
КАМЕРАНЫ ҮРЛЕУ/АУАСЫН ШЫҒАРУ	13
КАМЕРАДАН ҮРЛЕГІШ ШАРДЫ АЛЫҢЫЗ	16
КАМЕРА АУАСЫН ШЫҒАРУ	17
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	18
БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ	19
БАПТАУ ПАРАҒЫ	20
ZIFIX ҚҰРСАҚ/КЕУДЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ RT-4558CB02	20
ТАСЫМАЛДАУ СӨМКЕСІН БАПТАУ	21

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! Бұл жабдықта ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды. Егер осы құрылғының қандай да бір бөлігіне апаттық жағдайға себеп болатын жүк түссе, ол зақымдалса немесе дұрыс жұмыс істеп тұрмаса, оны әрі қарай пайдаланбай, +1 484-720-6053 нөмірі немесе TECHSUPPORT@QFIX.COM мекенжайы бойынша QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

! ЕСКЕРТПЕ ! Бұл құрылғы тек анықтама үшін пайдаланылады және оны басқа қолданыстарда пайдалануға болмайды.

! ЕСКЕРТПЕ ! Қалыпты жұмысы кезінде 10 мм сын. бағ. ауытқу күтіледі.

! ЕСКЕРТПЕ ! Камераны бекіту клапанын ашып, манометрдің үрлегіш шарын қысу және бекіту клапанын жабу арқылы 2 минут бастапқы ауаның толуынан кейін оны бастапқы қысымына дейін қайта үрлеген жөн.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесін ұқыпты және қауіпсіз пайдалану үшін пайдаланушының ауруханада жұмыс істеу дағдылары болуы керек.

ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесінің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін пайдаланушылар өнімді қолданар алдында қауіпсіз пайдалану бойынша оқу-жаттығудан өтуі ұсынылады.

ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ

Qfix ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесі сәулелік терапия сәуле шоғын әлсіретеді. Баптауға негізделген іс жүзіндегі әлсіреуді сіздегі нақты жабдықпен тексеру қажет. Жоспарлау және емдеу кезінде әлсіреу және теріні сәулелендіру дозасының жоғарылауын ескеру қажет.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

! ЕСКЕРТПЕ ! МР конфигурацияларын 9-беттен қараңыз.

 Бейклиникалық сынақ **Манометр үрлегіш шары** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- **3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.**
- **Сканерлеу алдында манометрдің үрлегіш шарын құрылғыдан ажыратып, оны емделуші үстелінен алып тастау керек.**
- **Сканерлеу алдында манометрдің үрлегіш шарын 200 мТл (2000 Гс) аспайтын градиент өрістеріне, яғни МР-томографтың магнит өрісінің әлсіз градиент бөліктеріне орналастыру керек.**
- **Егер бөлмеңіздің конфигурациясындағы магнит өрісінің кернеу сызықтары белгісіз болса, сканерлеу алдында манометрдің үрлегіш шарын ажыратып, МРТ бөлмесінен алыңыз. Магнит өрісінің қарқыны және жүйеңіз үшін кеңістіктік градиенттер туралы ақпаратты МРТ жүйесінің пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.**
- **Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалғаннан кейін, ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесін және онымен байланысты компоненттерді төменде көрсетілген төмендегі шарттарға сәйкес келетін МР жүйесінде пайдалануға болады.**

 Бейклиникалық сынақ **Тасымалдау сөмкесі** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- **3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.**
- **Сканерлеу алдында тасымалдау сөмкесін 200 мТл (2000 Гс) аспайтын градиент өрістеріне, яғни МР-томографтың магнит өрісінің әлсіз градиент бөліктеріне орналастыру керек.**
- **Егер бөлмеңіздің конфигурациясындағы магнит өрісінің кернеу сызықтары белгісіз болса, сканерлеу алдында тасымалдау сөмкесін ажыратып, МРТ бөлмесінен алыңыз. Магнит өрісінің қарқыны және жүйеңіз үшін кеңістіктік градиенттер туралы ақпаратты МРТ жүйесінің пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.**
- **Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалғаннан кейін, ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесін және онымен байланысты компоненттерді төменде көрсетілген төмендегі шарттарға сәйкес келетін МР жүйесінде пайдалануға болады.**

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

 Бейклиникалық сынақтар **ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесі** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. **Манометрдің үрлегіш шарына және тасымалдау сөмкесіне** қойылатын шарттар орындалған кезде, **ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесін** төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесінде пайдалануға болады:

- **3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.**

 Бейклиникалық сынақтар **компрессорлық камера жинақтары** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. **Манометрдің үрлегіш шарына және тасымалдау сөмкесіне** қойылатын шарттар орындалған кезде, **компрессорлық камера жинақтарын** төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесінде пайдалануға болады.

 Бейклиникалық сынақтар **қысу белдігі** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. **Манометрдің үрлегіш шарына және тасымалдау сөмкесіне** қойылатын шарттар орындалған кезде, **қысу белдігін** төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесінде пайдалануға болады.

 Бейклиникалық сынақтар **қысу қалақтары** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. **Манометрдің үрлегіш шарына және тасымалдау сөмкесіне** қойылатын шарттар орындалған кезде, **қысу қалақтарын** төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесінде пайдалануға болады.

 Бейклиникалық сынақтар **қысу белдігінің айылбастары** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. **Манометрдің үрлегіш шарына және тасымалдау сөмкесіне** қойылатын шарттар орындалған кезде, **қысу белдігінің айылбастарын** төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесінде пайдалануға болады.

! ЕСКЕРТУ ! QFIX ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ МРТ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН, ӨНІМДІЛІГІН ЖӘНЕ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КЕПІЛДІКТЕРДІ КҮШІНДЕ САҚТАУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАДЫ.

! ЕСКЕРТУ ! МАҚҰЛДАНБАҒАН МР КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ САЛДАРЫ МЫНАДАЙ БОЛУЫ МҮМКІН:

- Емделушінің жарақат алуы
- Жабдықтың зақымдалуы

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



МР ОРТАСЫМЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҮЙЛЕСІМДІ

Анықталған жағдайларда МР ортасында қауіпсіз екенін көрсеткен элемент.

Бұл шарттар 5-6-беттердегі «МРТ ортасындағы қауіпсіздік туралы ақпарат» бөлімінде сипатталған.



МР ОРТАСЫНДА ҚАУІПСІЗ

Қандай да бір МР ортасының ықпалына ұшырау нәтижесінде ешқандай қауіп байқалмаған элемент. «МР ортасында қауіпсіз» элементтер электр тогын өткізбейтін, металдан жасалмаған және магнитсіз материалдардан тұрады.

125 mmHg MAX

НОМИНАЛДЫ ҚЫСЫМ

Компрессорлық камераның ұсынылатын максимум қысымы – 125 мм сын. бағ. Камераға ауа толтыру нұсқауларын осы пайдалану нұсқаулығының «Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар» бөлімінен қараңыз. Максимум номиналды қысымнан асыруға БОЛМАЙДЫ.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесі емделушіге барынша жайлылықты сақтай отырып, тыныс алу кезінде дененің ішкі қозғалысын басқару үшін іш қуысын қысуға арналған. Сонымен қатар **ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесі** сәулелік терапия немесе радиология кезінде беткі тыныс алуды қолдауға арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.


МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ФУНКЦИЯЛАР

ZIFIX ҚҰРСАҚ/КЕУДЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

 **MR** ортасымен шартты түрде үйлесімді



1. Қысу белдігінің айылбастары

- 13 см
- 20 см

2. Қысу белдіктері

- 130 см x 13 см
- 170 см x 13 см
- 170 см x 20 см

3. Компрессорлық камера жинақтары

- 13 см
- 20 см

4. Туралау сызықтары

5. Қысу қалақтары

- 13 см
- 20 см

6. Жылдам ажыратылатын фитинг


7. Бекіту клапаны

8. Манометрдің үрлегіш шары

9. Виртуалды индекс белгілері

МАНОМЕТРІ АЛЫНҒАН ZIFIX ҚҰРСАҚ/КЕУДЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

 **MR** ортасында қауіпсіз




ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

Бастапқы жинау

1. Емделуге белдіктің, камераның және қалақтың тиісті өлшемін анықтаңыз (1-сурет).




1-сурет

2. Камераға бекіту үшін қалақтың дұрыс туралануын қамтамасыз етіңіз (2-сурет). Велкро бекіткішін туралаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Егер қалақтардағы ақ туралау сызықтарын қолдансаңыз, камераны тақпас бұрын туралауды аяқтаңыз. Туралау сызықтары тек анықтамалық мақсатта қолдануға арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! Виртуалды индекс белгілерін суреттегі орынды тексеру үшін пайдалануға болады. Виртуалды индекс белгілері тек анықтамалық мақсатта қолдануға арналған.





2-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ



ЕМДЕЛУШІГЕ ОРНАЛАСТЫРУ

1. Белдікті емделушінің артына сандарды жоғары қаратып қойыңыз. Белдікті ұзындығының көп бөлігін жоспарланған өңдеу аймағының қарама-қарсы жағына қойыңыз (3-сурет).




3-сурет

2. Қалақ пен камераны емделушіге қалақ ұшы емделушінің төс сүйегімен және төстің семсер тәрізді өсіндісі астына тураланатындай етіп орналастырыңыз (4-сурет).





4-сурет

! ЕСКЕРТПЕ ! Қалақ периметрі бойынша орналасқан бес (5) фидуциалдық маркерді емделушінің параметрлерін КТ немесе рентгенографиядағы анатомиясына қатысты орнатуға көмектесу үшін пайдалануға болады.



ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ



3. Белдіктің ұзын ұшын айылбас арқылы өткізіңіз. Қайырманың толық ұзындықтағы түйініне сәйкес келетініне көз жеткізіп, белдікті кері қайтарыңыз (5-сурет).



5-сурет


4. Белдіктің қысқа ұшын камера мен қалақ жинағына тартыңыз. Белдіктегі түйіннің тураланғанына және камерадағы ілмекке ілінгеніне көз жеткізіңіз. Белдікті емделушінің астына қайта орналастыру қажет болуы мүмкін.

! ЕСКЕРТПЕ !
Белдікті
емделушінің
шыдай
алатындай
етіп тартыңыз
(6-сурет).



6-сурет

5. Үрлегіш шардың «Жылдам ажыратылатын фитингісін» камераның «Жылдам босату фитингісіне» қосыңыз (7-сурет).




7-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


КАМЕРАНЫ ҮРЛЕУ/АУАСЫН ШЫҒАРУ

1. Алдымен тетікті өзіңізге қарай бұрап, клапанды жабыңыз (8-сурет).



8-сурет

2. Бекіту клапанының ашық екеніне көз жеткізіңіз. Клапанның тұтқасы түтікпен бойлай келуі керек (9-сурет).




9-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

3. Үрлегіш шарды бірнеше рет қысу арқылы камераны қажетті қысымға дейін үрлеңіз (10-сурет).


! ЕСКЕРТУ ! КАМЕРА ҚЫСЫМЫН 125 ММ СЫН. БАҒ. ШАМАСЫНАН ЖОҒАРЫ КӨТЕРМЕҢІЗ



10-сурет

4. Бекіту клапанын түтікке көлденең күйге бұру арқылы клапанды жабыңыз. 2 минут күтіңіз (11-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Камераны 2 минут бастапқы ауа толуынан кейін оны бастапқы қысымына дейін қайта үрлеу ұсынылады.




2 минут

11-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

5. 2 минуттан кейін клапанды түтікке бойлай келетіндей бұрап ашыңыз (12-сурет).



12-сурет

6. Үрлегіш шарды бірнеше рет қысу арқылы камераны қажетті қысымға дейін үрлеңіз (13-сурет).



13-сурет

7. Бекіту клапанын түтікке көлденең күйге бұрау арқылы клапанды жабыңыз (11-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Манометр көрсеткішін жазып алыңыз.


! ЕСКЕРТУ ! КАМЕРАНЫҢ МАКСИМУМ ҚЫСЫМЫ – 125 ММ СЫН. БАҒ.

! ЕСКЕРТУ ! СКАНЕРЛЕУ НЕМЕСЕ ЕМДЕУ АЛДЫНДА ҮРЛЕГІШ ШАРДЫ «ЖЫЛДАМ АЖЫРАТЫЛАТЫН ФИТИНГІНІҢ» КӨМЕГІМЕН АЖЫРАТЫП, ЕМДЕЛУШІ ҮСТЕЛІНЕН АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

КАМЕРАДАН ҮРЛЕГІШ ШАРДЫ АЛЫҢЫЗ


1. Бекіту клапаны түтікке қатысты көлденең тұрғанына көз жеткізіңіз (14-сурет).



14-сурет

2. Жылдам ажыратылатын фитингідегі сұр түймені басып, жылдам ажыратылатын фитингіні ажыратыңыз (15-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Егер үрлегіш шар қайта қосылып, клапан қайта ашылса, қысымның аздап төмендеуі күтіледі.




15-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

КАМЕРА АУАСЫН ШЫҒАРУ

1. Жылдам ажыратылатын фитингін ажыратыңыз. Бекіту клапанын ашып, камерадағы ауаны шығарыңыз (16 және 17-суреттер).




16-сурет



17-сурет

—НЕМЕСЕ—

2. Тетікті өзіңізден әрі бұраңыз (18-сурет).



18-сурет

! ЕСКЕРТПЕ ! Жоғарыда келтірілген нұсқаулар үлгілік әдіс болып табылады. Баптаудың басқа жұмыс процестері (мысалы, жату немесе тұру) қажетті қозғалыссыздыққа қол жеткізу үшін қолайлы болуы мүмкін. Барлық ескертулер мен сақтық шаралары орындалуын қамтамасыз етіңіз. Емдеуді бастамас бұрын әрқашан құрылғының дұрыс туралануын қамтамасыз етіңіз және дұрыс бапталғанын тексеріңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ


ZiFix құрсақ/кеуде қозғалысын басқару жүйесін стандартты тазалау әдістерімен және ауруханаларға арналған кәдімгі СУ НЕГІЗІНДЕГІ тазартқыштармен тазалауға болады. Төмендегі тазалау материалдарына сынақ жүргізіліп, жарамды деп танылды:

- Cidex® 2,4% белсендірілген диальдегид зарарсыздандыру ерітіндісі
- Сабын мен су
- Изопропил спирті

Құрылғыны тазалауға басқа еріткіштерді қолдануға **БОЛМАЙДЫ**.

Өлшегішті жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүрту керек.

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ



1. Қысу белдігінің айылбастары

- 13 см – 2007408
- 20 см – 2007407

2. Қысу белдіктері

- 130 см x 13 см – 2007416
- 170 см x 13 см – 2007263
- 170 см x 20 см – 2007262

3. Компрессорлық камера жинақтары

- 13 см – 2007544
- 20 см – 2007545

4. Қысу қалақтары

- 13 см – 2007495
- 20 см – 2007496

5. Манометрдің үрлегіш шары

- 2007700

БАПТАУ ПАРАҒЫ

ZiFix ҚҰРСАҚ/КЕУДЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ RT-4558CB02

Емделушінің аты-жөні:

Емделушінің идентификатор №:

Орнатушы:

Дәрігер:

Күні:

Түсініктемелер:



Қолданылған белдіктер:

130 см x 13 см

170 см x 13 см

170 см x 20 см

Сол жақта орналасу:

Оң жақта орналасу:

Манометр көрсеткіші:

мм сын. бағ. (ТЕК АНЫҚТАМАЛЫҚ МАҚСАТТА) (10 мм сын. бағ. қысым ауытқуы


қалыпты болып саналады)

Ескертпелер:

ТАСЫМАЛДАУ СӨМКЕСІН БАПТАУ

ZiFix тасымалдау сөмкесінде төмендегідей бұйымдарды сақтауға болады.

Компрессиялық белдік баулары 20 см x 170 см



Компрессиялық белдік баулары 13 см x 170 см



Компрессиялық белдік баулары 13 см x 130 см



13 см 20 см
Компрессиялық
Белдік
айылбастары



Манометрдің
үрлегіш шары




20 см компрессиялық
қалақтар



13 см компрессиялық
қалақтар

ТАСЫМАЛДАУ СӨМКЕСІН БАПТАУ



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

+1 484.720.6053 / 800.526.5247

+1 610.268.0588 / 800.831.8174

sales@Qfix.com

2007706_KK_A
2023-07